

**«6D020600 – Дінтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған
Алдиярова Жанат Есенкелдіқызының «Малайзиядағы мемлекет – конфессионалдық қатынастарының
эволюциясы және оның ерекшеліктері» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми рецензенттің
СЫН-ШҚІРІ**

Р/н №	Өлшемшарттар	Өлшемшарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескерту/ді курсивпен көрсету)
1	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі: 1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету); 2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету);	Диссертация жұмысының тақырыбы еліміздегі ғылымның даму басымдықтарының ішінен – 7.Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласындағы зерттеулерге және арнайы мамандандырылған бағыттардың ішінен – 7.2 Гуманитарлық ғылымдар саласындағы іргелі, қолданбалы, пәнаралық зерттеулерге жатады. «6D020600-Дінтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін мемлекет бюджетінен қаржыландырылған докторантура аясында әзірленген диссертация жұмысы. Диссертация нақты мемлекеттік бағдарлама аясында орындалмаған. Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен еліміздегі ғылым дамуының 7. Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласындағы зерттеулер басымдығына сай келеді.

		3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.	
2	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	Бұл зерттеу қазіргі дінтану саласына елеулі үлесін қосады. Себебі зерттеуде Малайзия елінің мемлекет пен конфессия арасындағы байланыстардың даму жолы және ерекшеліктері толық қарастырылған. Малай сұлтандығы дәуірінен бастап, Малайя мен Малайзия сияқты саяси жүйеге айналу тарихын зерттеп, оның күрделі діни-конфессиялық саясатын егжей-тегжейлі талдаған. Сондай-ақ, Малайзияның дін мен мемлекет қарым-қатынасын Қазақстанмен салыстырып, екі мемлекеттің зайырлылық үлгісіне қатысты зерттеу жүргізілген. Конституциялық негізі, мемлекеттің діни саясаты, діни оқыту және ұлттық пен діни ерекшелік мәселелері екі елдің зайырлы сипатын белгілейтін элементтер ретінде қорытындыланған. Осылайша, зерттеу беретін нәтижелердің ғылымға қосар құндылығы бар.
3	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған.	Диссертация еңбегінің жазу сапасы жоғары деңгейде деп бағалауға болады. Ғылыми зерттеуден автордың жеке баяндау тәсілінің барлығы айқын көрінеді. Диссертация тақырыбына қатысты жарияланған ғылыми мақалалар мен диссертацияның

		өзі бір автордың қолынан шыққан, біртұтас еңбек екені байқалады.
	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген; 2) ішінара негізделген; 3) негізделмеген. 4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды: 1) айқындайды; 2) ішінара айқындайды; 3) айқындамайды.	Диссертация тақырыбының өзектілігі нақты негізделген. Диссертация өзектілігі қоғамдағы мемлекет пен дін қатынастарының даму деңгейі және қоғам сұранысымен байланыстырылған. Диссертацияның мазмұны оның «Малайзиядағы мемлекет – конфессионалдық қатынастарының эволюциясы және оның ерекшеліктері» деген тақырыбына толықтай сәйкес келеді. Диссертацияның мазмұны «Малай мемлекеттілігінің қалыптасуы мен дамуындағы діннің орны мен рөлі», «Қазақстан Республикасы мен Малайзия Федерациясындағы мемлекет пен дін қатынастарының өзіндік ерекшеліктері мен болашақ перспективалары» атты екі бөлімде толық қарастырылып, жүйелі талдау жасалған.
4	Ішкі бірлік принципі	4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) сәйкес келеді; 2) ішінара сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді. Диссертацияның мақсаты мен міндеттері зерттеу тақырыбына дәл келеді. Оның мақсаты – Малайзиядағы мемлекет пен конфессия арасындағы байланыстардың тарихи эволюциясын дінтану тұрғысынан қарастырып, Малайзияның саяси-экономикалық және мәдени-әлеуметтік жаңғыру кезеңіндегі діни-этникалық элементтердің, сондай-ақ діни ұйымдар мен

		құрылымдардың рөлін жан-жақты зерттеу. Мақсатқа жету диссертация мазмұнындағы нақты міндеттерді жүзеге асыру арқылы толық қамтамасыз етіледі.
4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан;	Диссертациялық жұмыс 2 тараудан, алты бөлімшеден тұрады. Бірінші тарауда отарлық кезеңдегі Малайя елінің мәдени-әлеуметтік, этно-діни жағдайы жан-жақты зерттеліп, Малайзияның мемлекеттік және діни институттарының ел тәуелсіздігі мен тұрақтылығын қамтамасыз етудегі орны мен қызметтері айқындалып, қазіргі Малайзия мемлекетінің дін және конфессияаралық қатынастар саласындағы саясатына кешенді талдау жасалған. Ал, екінші тарауда Қазақстан мен малай қоғамының ұлттық бірегейлігін нығайтудағы дін және дәстүр құндылықтарының рөлі қарастырылып, Қазақстан мен Малайзиядағы саяси-экономикалық, мәдени-әлеуметтік қарым-қатынас тенденцияларына салыстырмалы талдау жасалып, Қазақстан мен Малайзиядағы дін және мемлекет қатынастарының өзіндік сипаты мен ерекшеліктеріне салыстырмалы дінтанулық талдау жасалады. Диссертацияның барлық бөлімі мен құрылымында логикалық байланыс жүйелі сақталған, бірін-бірі толықтыра түседі.	
1) толық байланысқан;		
2) ішінара байланысқан;		
3) байланыс жоқ.		

	4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидастар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) сыни талдау бар; 2) талдау ішінара жүргізілген; 3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген; 4) талдау жоқ.	Диссертацияны дайындау барысында автор ұсынған ғылыми жаңалықтар толық дәлелденіп, бұрынғы ғылыми шешімдермен салыстырмалы талдаудан өткізіліп, өзіндік ғылыми бағыт пен көзқарас нақты көрсетілген. Жалпы дінтану саласына қатысты шетелдік пен отандық ғалымдардың пікірлерін салыстырумен ғана тоқталмай, олардың қорытындыларының тәжірибелік маңыздылығының төмендігін дәйектеп көрсетіп, олардың іске аспау себептерін нақты көрсету арқылы сыни қорытындылар жасайды.
5	Ғылыми жаңашылдық принципі 5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Диссертация еңбегінде ұсынылған ғылыми қорытындылар толыққанды жаңалық ретінде бағаланады. Өйткені, Малайзия Конституциясы зайырлы сипатқа ие бола тұра, Федерацияның жергілікті аумақтарында шариғат соттарының қатар қызмет етуі, Малайзия қоғамының тарихи тұрғыдан көпконфессиялық құрылымының қалыптасуы, исламды малай халқының діни және ұлттық ерекшелігінің негізі ретінде қабылдауы сияқты ерекшеліктерді тұтастай талдап шыққан. Бұл – жаңа қорытынды. Сонымен қатар, малай қоғамындағы тұрақтылық пен конфессия арасындағы келісімнің сақталуын толық зерттей отырып, діни оқытудың жағдайымен, сондай-ақ әлеуметтік-экономикалық саясатпен, халап өнеркәсібі, исламдық банк ісін жүргізу сияқты

		процестерді де қамтып тұжырым шығаруы – зерттеу еңбегінің мазмұнын арттыруда. Ғылыми зерттеулердің статистикалық деректер қорымен бірге пайдалануы жаңа нәтижелерге жетуіне мүмкіндік туғызған. Сондықтан, зерттеудің ғылыми қорытындыларын жаңа деп бағалауға болады.
5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма?	Толыққанды жаңалық болмаса да, бірталай жаңалықтарға ие. Отандық дінтану ғылымында зайырлылық принципінің қалыптасу тарихы мен әртүрлі түрлері туралы бірқатар зерттеулер жүргізілді. Дегенмен, бұл күрделі әлеуметтік-саяси құбылысты Малайзия контексті мен тәжірибесі тұрғысынан қарастыру отандық дінтану саласындағы жаңалық екені сөзсіз. Қолданылған әдістеме, ғылыми қорытындылар, тақырыпты кешенді зерттеуі және Қазақстанмен салыстыруы осы пікірімізді растай түседі.	
1) толығымен жаңа;		
2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);		
3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).		
5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?	Диссертация жұмысының тақырыбы әлеуметтік гуманитарлық ғылым бағытында орындалған. Техникалық, технологиялық, экономикалық салаларға тікелей қатысы жоқ, сондықтан толық жаңа деп есептеуге болады. Зерттеушінің ғылыми қорытындылары мен тұжырымдары еліміздің дін саласындағы уәкілетті мекемелердің қызметкерлері	
1) толығымен жаңа;		
2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);		
3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).		

		Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research (күолигатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даарлық бағыттары үшін).	Диссертация еңбегінің әр тарауында маңызды тұжырымдар жасалған, ал тараулардың бөлімдерінің сонында талдауларға сүйене отырып ғылыми қорытындылар берілген. Барлық тұжырымдардың ғылыми дәлелдері толыққанды негізделген.
6	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research (күолигатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даарлық бағыттары үшін).	Диссертация еңбегінің әр тарауында маңызды тұжырымдар жасалған, ал тараулардың бөлімдерінің сонында талдауларға сүйене отырып ғылыми қорытындылар берілген. Барлық тұжырымдардың ғылыми дәлелдері толыққанды негізделген.
7	Қорғауға шығарылған негізгі ережелер	Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет: 7.1 Ереже дәлелденді ме? 1) дәлелденді; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді; 5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.	7.1 Диссертация жұмысында зерттеуші нақтылаған әр қатидат жеткілікті деңгейде дәлелденген. 7.2 Әр қатидат тривиялды емес саналады. Ізденуші қатидаттарды ерекше өзіндік тәсілмен, жан-жақты қарастырып ұсынған. 7.3 Малайзияның ерекше зайырлылық үлгісін Қазақстанның зайырлылық ұстанымымен салыстырмалы түрде зерделеуге арналған бұл жұмыс өзекті ақпараттарды толық қамтуымен және терең ғылыми талдауымен құнды. Зерттеу екі елдің тарихи тәжірибесіне сүйене отырып, олардың

	7.2 Тривиалды ма?	зайырлылық жүйелеріндегі айырмашылықтар мен ортақ тұстардың нақты ғылыми тұжырымын ұсынады, әрі оны ғылыми-теориялық тұрғыдан дәйектеп шыққан. Осылайша, бұл зерттеу Қазақстанның зайырлылық моделін жетілдіруге қажетті манызды тұжырымдар мен ұсыныстар беруімен ерекше манызға ие. 7.4 Бұл диссертацияның ғылыми нәтижелерінің қолданылу аясы кен: олар әлеуметтік-гуманитарлық ғылым саласында және дін саласындағы уәкілетті орган қызметкерлеріне діни саланы реттеу барысында ақпараттық, нұсқаулық материалдар ретінде қолданылады. Сондай-ақ, диссертацияның мазмұнындағы теориялық негіздер дінтану және исламтану саласындағы студенттердің, магистранттардың, докторанттардың дін мен мемлекет қатынасына қатысты фундаменталды білімін кеңейту мақсатында лекциялық курстарға теориялық материалдар ретінде пайдаланылады. Одан бөлек, көпконфессиялы әрі көпұлтты ел ретінде Қазақстанның зайырлылық ұстанымын айқындау ісінде басқа елдің зайырлылық моделін зерттеу арқылы манызды прагматикалық тұжырымдар ұсынуымен құнды әрі жаңа шешімдер ұсынады. 7.5 Диссертацияда көрсетілген қағидастар талапқа сәйкес ғылыми жарияланымдар ауқымында дәлелденген.
	7.2 Тривиалды ма?	
	1) иә;	
	2) жоқ;	
	3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес.	
	7.3 Жаңа ма?	
	1) иә;	
	2) жоқ;	
	3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес.	
	7.4 Қолдану деңгейі:	
	1) тар;	
	2) орташа;	
	3) кен	
	4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес.	
	7.5 Мақалада дәлелденген бе?	
	1) иә;	
	2) жоқ	
	3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.	

8	Дәйектілік қағидаты.	8.1 Әдіснаманы тандау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған:	Иә, негізделген және әдіснамасы нақты жазылған. Диссертацияны жазудағы зерттеу үшін таңдалған әдістер орынды. Барша қолданылатын әдістер жеткілікті кең сипатталған. Қолданылған тәсілдер, олардың зерттеу үшін маңыздылығы толыққанды көрсетілген.
	Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	1) иә; 2) жоқ.	
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:	Диссертациялық зерттеудің нәтижелері жұмыстың мақсаты мен міндеттеріне сәйкес іріктелген статистикалық деректер базасы мен ғылыми-теориялық еңбектерді тиімді пайдалануға негізделген. Жиналған материалдарды талдау және түсіндіру үдерісі қазіргі дінтану саласында кеңінен қолданылатын негізгі әдіснамалық тәсілдерге сүйене отырып жүзеге асырылған.
		1) иә; 2) жоқ.	
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) иә; 2) жоқ.	Диссертацияда автор ұсынған теориялық және практикалық тұжырымдар мен ұсыныстардың дәлелділігі зерттеудің ғылыми жаңалығын айқындайтын бөлімде жан-жақты негізделген. Зерттеу барысында Малайзияның зайырлылық моделі мен мемлекет–конфессияаралық қатынасының ерекшеліктері өз тарихи-әлеуметтік контекстінде талданып, Қазақстанның дін-мемлекет қатынастарын жетілдіруде ұсыныстар ретінде теориялық және қолданбалы маңызы бар бағыттары айқындалған.

		Жұмыста ұсынылған теориялық пайымдар мен анықталған тұжырымдар ғылыми деректермен салыстырыла тексеріліп, олардың дұрыстығы зерттеу нәтижелері арқылы расталған. Қолданылған статистикалық деректер прагматикалық бағыттағы шешімдер әзірлеу мен тиімді мемлекеттік-конфессиялық саясатты қалыптастыруға негіз болатын басты эмпирикалық ресурс ретінде бағаланып, зерттеудің әдіснамалық бірізділігі мен тұтастығын қамтамасыз етті.
	8.4 Мамандық мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған.	Диссертациялық зерттеуде шетелдік және отандық зерттеушілердің еңбектері кең көлемде пайдаланылған. Жұмыста қарастырылған әрбір мәселе бойынша тиісті ғылымдар мен авторлардың көзқарастарына жүйелі түрде жүгініліп, барлық дереккөздер мазмұнына сай дәл әрі нақты көрсетілген.
	8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз.	Жұмыста сілтеме берілген ғылыми әдебиеттер саны 122. Әдебиеттер саны жеткілікті. Барлық еңбек тақырыпта көтерілген мәселелерге қатысты. Ізденуші тақырыптың зерттеу деңгейін әр сала бойынша толық негіздеген.
9	Практикалық құндылық қағидаты	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы:
		1) бар;
		2) жоқ.
		Бұл диссертациялық жұмыстың теориялық маңызылығы жоғары бағаланады. Оның себебі – зерттеу Малайзиядағы мемлекет пен конфессиялар арасындағы қатынастардың құқықтық, институционалдық және мәдени-әлеуметтік ерекшеліктерін жүйелі талдау арқылы

		конфессияаралық өзара іс-қимылдың жаңа үлгісін теориялық тұрғыдан негіздейді. Зерттеу нәтижелері зайырлылықтың аймақтық моделдерін түсіндіруде, діни плюрализм жағдайында мемлекеттің реттеушілік рөлін айқындауда, сондай-ақ исламдық құқықтық дәстүр мен азаматтық құқық жүйесінің өзара ықпалдау механизмдерін талдауда ғылыми тұрғыдан маңызды жаңа деректер береді. Бұл тұжырымдар діни саясат, компаративистік құқық, мемлекеттік-конфессиялық қатынастар және әлеуметтік философия секілді салалардың теориялық базасын кеңейтуге елеулі үлес қосады.
	9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) иә; 2) жок.	Диссертацияның практикалық маңызы айтарлықтай жоғары деп бағаланады, себебі зерттеу нәтижелері мемлекет–конфессиялық қатынастарды реттеуге бағытталған ұлттық саясатты жетілдіруде, нормативтік-құқықтық актілерді салыстырмалы талдау негізінде сараптамалық ұсынымдар әзірлеуде, сондай-ақ діни бірлестіктермен өзара іс-қимыл тетіктерін дамытуда тиімді қолдануға мүмкіндік береді. Алынған қорытындылар мемлекеттік органдардың, діни ұйымдардың және қоғамдық институттардың қызметінде, сонымен қатар конфессияаралық келісім мен қоғамдық тұрақтылықты нығайтуға бағытталған практикалық шараларды қалыптастыруда пайдалануға қолайлы.

		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Бұдан бөлек, диссертацияда жинақталған материалдар жоғары оқу орындарында «Дінтану», «Салыстырмалы дінтану», «Дін және мемлекет қатынастары» пәндерінің оқу-әдістемелік мазмұнын толықтыруға, сондай-ақ ғылыми-практикалық талқылаулар мен академиялық пікірталастарда қолдануға мүмкіндік беретін құнды ақпараттық база ретінде қызмет етеді.
10	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа;	Практикалық ұсыныстардың жаңалығы бар деп айтуға негіз бар. Олар Малайзияның мемлекет-конфессиялық қатынастар саласындағы тәжірибесін кешенді әрі жүйелі талдау нәтижесінде әзірленген. Ұсыныстар діни саясатты жетілдіру, конфессияаралық келісімді күшейту, сондай-ақ уәкілетті мемлекеттік құрылымдар мен діни бірлестіктер арасындағы өзара іс-қимыл тетіктерін тиімді ұйымдастыру бағыттарын қамтиды. Сонымен қатар, ұсыныстардың практикалық құндылығы олардың алдын ала жүргізілген талдамалық негізге сүйенуінде және нақты қолдану мүмкіндіктерінің ескерілуінде көрінеді. Осылайша, диссертацияда ұсынылған практикалық тұжырымдар мазмұны жағынан жаңашыл, ғылыми тұрғыдан дәлелденген және тәжірибеге енгізуге жоғары әлеуетке ие. Ізденуші зерттеу тарауларының өзара байланысын, құрылымдық жүйелілігі мен бірізділігін сақтай

		3) орташадан төмен;	отырып, жоғары деңгейдегі академиялық жазу мәдениетін көрсете алды.
		4) төмен.	
11	Диссертацияға ескертулер		Диссертацияның жоғары ғылыми деңгейін және автордың ұсынған қағидаларының маңыздылығын атап өткім келеді. Бұл жұмыстың жаңа ғылыми талқылаулар мен тұжырымдарға жол ашатынын көрсетеді. Осы орайда, пікірталастарға негіз болатын келесі ұсыныстарды атап өтуді жөн деп санаймын: 1. Зерттеу жұмысының жоспарын кеңейтіп үш тараумен алған дұрыс болар еді; 2. Жазу барысында бөлімдердің көлемін қадағалаған жөн, көлемі өте аз не өте көп болып ерекшеленіп тұрманы дұрыс. Бұл ескертпелер диссертациялық зерттеудің ғылыми маңызы мен мазмұндық құрылымына ешқандай нұқсан келтірмейді деп санаймын. Олар тек жұмыстың жалпы ғылыми сапасын одан әрі жетілдіруге бағытталған ұсыныстар ретінде қарастырылуы тиіс.
12	Докторант макалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация макалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр		Зерттеу нәтижелері бойынша 7 ғылыми мақала жарияланған. Оның ішінде 2 мақала Скопус (Scopus) мәліметтер базасында, 2 мақала – халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияларда, 3 мақала – ҚР БҒМ Білім және ғылым саласындағы Бақылау комитеті бекіткен тізімге енетін журналдарда жарияланған. Жарияланған мақалалары диссертациялық

	мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)		зерттеудің мазмұнына сәйкес келеді және жоғары ғылыми деңгейде жазылған. Жарияланған мақалаларда зерттеу нәтижелері мен қорытындылары жан-жақты қамтылған.
13	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)		«6D020600-Дінтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған Алдиярова Жанат Есенгелдіқызының «Малайзиядағы мемлекет – конфессионалдық қатынастарының эволюциясы және оның ерекшеліктері» атты тақырыптарғы диссертациялық зерттеу өзектілігімен, нақты қойылған мақсат-міндеттерімен, ғылыми жаңалығы мен теориялық және практикалық маңыздылығымен ерекшеленеді және алынған нәтижелердің дәйектілігі арқылы ғылыми жұмысқа қойылатын талаптарға толық сәйкес келеді. Осыны негізге ала отырып, Алдиярова Жанат Есенгелдіқызы «6D020600-Дінтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайықты деп санаймын.

Ресми рецензент:

Қазақ Ұлттық Педагогикалық Университеті, Әлеуметтік Ғылымдар және өнер институтының директоры,
Философия ғылымдарының докторы

Б. Ж. Сапаров
Подпись
Вставьтесь кодк НР кызметі
Заведено, ИАО «Қазақский национальный жонвал
педагогический университетот» НР служба